

ұлғаюын көздеуі қажет. Осыған байланысты мемлекеттік органдар осы салада тиісті жұмыстар жүргізуде: Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобильдер өндірісін ынталандыру тетігі шеңберінде автоөнеркәсіп кәсіпорындарын экспорттық қаржыландыру көзделген.

Бұдан басқа, дайын өнімді ел ішінде тасымалдауға және экспорттық нарықтарда өнімді сертификаттауға жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша шаралар іске асырылуда – бұл біздің кәсіпорындардың сыртқы нарықтарға шығуын жеңілдетуге мүмкіндік берді.

ҚР Үкіметі ҚҚС бойынша преференциялар, жеңілдікті кредиттеу және лизинг бағдарламасын әзірлеу, өнім экспортын қолдау шаралары сияқты саланы ынталандыру шараларын қабылдады.

Осылайша, болашақта автомобиль өнеркәсібін дамытудың келесідей іс-шаралары жоспарлануда:

- Көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы жаңа келісімдерге көшу арқылы жергілікті қамту үлесін ұлғайту жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- қазақстандық автоөндірушілердің серіктестерімен, оның ішінде автокомпоненттер өндіру бойынша өндірістік кооперацияны дамыту;
- - электромобильдер өндірісін игеруді жалғастыру

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хазимов М.Ж. Автомобильдердің электр жабдықтары: Оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2017. - 152б. - ISBN 978-601-327-031-9.

2. Як розвивається та які перспективи автомобілебудування. URL: <https://kapital.kz/economic/84858/kak-razvivayet-sya-i-kakovy-perspektivy-avtomobil-noy-promyshlennosti.html>

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Омарова А.Б., з.ғ.м, аға оқыт

Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты

Қазіргі кезең талаптарына сай үнемі нарықтағы болып жатқан өзгерістерге қарай кез келген компанияға нарықта өз бағытын нығайту мен кеңейтуі қажет. Бұл үшін компания өзінің қызметін әрдайым бақылап, тиісті қаржылық талдаулар мен диагностикалауды жүргізуі керек. Кәсіпорынның қаржысын ұтымды ұйымдастыру мүліктері мен оларды қалыптастырушы көздердің оңтайлы үйлесімділігі кезінде және олардың көздерін ұтымды таңдау барысында жүзеге асырылады.

Әлемдік қаржылық дағдарыстар жағдайында компаниядағы қаржылық жағдайды талдаудың маңызы ерекше. Бұл компанияға өзінің қызметтеріндегі өзгерістерді сараптауға, туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу шараларын ұйымдастыруға, өзінің өндірістік-шаруашылық қызметтерінде нәтижелерінің оңды болуына мүмкіншіліктер береді. Компаниядағы қаржылық жағдайды

талдау белгілі уақыттағы компанияның даму үрдісінің қарқынына бағалау жасауға, нақты экономикалық, шаруашылықтық, қаржылық жағдайлары жөніндегі ақпараттарды алуға, оның ағымдық, қысқа және ұзақ мерзімдік кезеңдерде өзгеруі ықтимал үдерістерін, дамуына ықпал ететін түрлі факторларды анықтауына, компанияның өндірісітік, ақша, несие, инвестициялық саясаттарын айқындауына зерттеу жүргізілуі мүмкін [1, 334 б].

Компаниядағы қаржылық жағдайға жасалынған дұрыс әрі нақты талдау нәтижесі оның алдағы уақыттағы қызметін жоспарлауына, стратегиялық бағыттары мен басымдықтарын анықтауына елеулі ықпал етеді.

Компанияның қаржылық жағдайы капиталдың айқындалған уақыт кезеңіндегі айналымы үдерісіндегі осы капиталдың жағдайын сипаттайтын категория. Ол компанияның өз-өзін дамытуы мен өзін-өзі қаржыландыру қабілеттілігін сипаттайды. Қаржылық жағдай компанияның өзінің қызметін қаржыландыру қабілеттілігі, оның қаржылай ресурстармен қамтамасыз етілгендігі, осы ресурстардың мақсатқа сай орналастырылуы мен пайдаланылуының тиімділігі. Қаржылық жағдай қаржылық ресурстардың бар болуын, олардың орналастырылуын және пайдаланылуын көрсететін көрсеткіштер жиынтығы.

Компаниядағы қаржылық талдаудың ішкі және сыртқы түрлері бар. Компаниядағы ішкі қаржылық талдау компания басшылығымен, қызметкерлерімен қажетті шешімдер қабылдау үшін жасалынады, ал сыртқы талдаулар компанияның қызметіне мүдделі тұлғалармен, әріптес-компаниялармен, кредиторлармен жасалынуы мүмкін.

Компаниядағы қаржылық жағдай оның жұмыс жүргізу қабілеттілігін кешенді бағалау арқылы анықталатын қызметінің нәтижесі. Компаниядағы қаржылық жағдай көптеген факторлардың өзара әрекеті арқылы жүргізіледі. Қаржылық жағдай компанияның әлеуетін, оның экономикалық мүдделерлерінің кепілдігінің деңгейін анықтайды. Қаржылық жағдай компанияның өзінің ресурстарын тиімді басқаруымен анықталынады. Қаржылық жағдай тұрақты, тұрақсыз, дағдарысты жағдайда болуы мүмкін.

Компаниядағы қаржылық жағдайды талдаудың басты міндеті компанияның қаржылық жағдайына бағалау жасау арқылы қызметінің тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін анықтау болып есептелінеді [2].

Компаниядағы қаржылық жағдайды талдау оның талдау уақытындағы жағдайын бағалауға, қаржылардың орналастырылуын мен оларды қалыптастыру көздерін айқындауға, компанияның дамуының қарқынын бағалауға және алдағы болашақтағы жағдын болжамдауға мүмкіндіктер береді. Қаржылық жағдайды талдаудың басты мақсаты компанияның қаржылық жағдайына қатысты шынайы әрі дәл көріністі беретін ең негізгі ақпараттық көрсеткіштерді алу. Мұнда компанияның табыстары мен шығындарының, активтері мен пассивтерінің құрылымындағы өзгерістер негізге алынады. Қаржылық жағдайды талдаудың негізгі қызметтері компаниядағы қаржылық жағдайды өз уақытында және шынайы бағалау, оның әлсіз тұстарын белгілеу, олардың пайда болуы себептерін зерттеу, қаржылық жағдайды жақсартуға қатысты іс-шараларды анықтау.

Қаржылық талдау негізінде басқару шешімдерін мұқият талданылуы кәсіпорын қызметінің әрбір саласында басқару шешімдерін қабылдауға емес, тиімді қаржы көрсеткіштерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан қаржылық жағдайды талдау бірқатар қаржылық көрсеткіштердің жүйесін талдауға негізделеді.

Компанияның қаржылық талдау келесілерді қамтиды: талдау объектілерінің қызметінің өндірістік-шаруашылық, қаржылық-экономикалық параметрлері бойынша ақпараттарды жүйелі талдау; объектіні басқару тиімділігіне, экономикалық қауіпсіздігіне ықпал ететін тәуекелдердің алдын алу үшін ұсыныстар даярлау мақсатымен барлық болуы мүмкін өзгерістерді бағалау; қаржылық үдерістер мен олардың даму жағдайлары жөнінде маңызды ақпараттарды дайындау; талдау үдерісінде алынған нәтижелер бойынша компанияның қаржылық жағдайлары зерттеліп, бағалаулар беру; компанияны талдау нәтижесінде оның қызметінің тиімділігін жетілдіру іс-шаралары туралы ұсыныстар мен қорытындылар жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.К. Тургулова, Р. Амирканов, А.Б. Ахинов. Қаржылық менеджмент. Оқу құралы.– Алматы: Экономика, 2014. – 334 б.
2. William R. Lasher. Practical Financial Management. Cengage Learning, 2016

PSYCHOLOGICAL IMPORTANCE OF EDUCATION AT AN EARLY AGE

*Niftaliyeva Nargiz Nazim
Mingachevir State University*

These skills help us think, solve problems, communicate, express our emotions, and build relationships. Early childhood development is also considered the foundation for good health, productive learning and well-being, and the formation of future human capital.

Preschool age is qualitatively a turning point in the physical, psychophysiological and personality development of the child. At the same time, new qualitative changes occur in the child under the influence of speech, communication with adults and peers, and participation in various activities. All this allows the child to adapt to social conditions and life needs.

The preschool period manifests itself as the initial stage of the formation of the child as a subject of activity. The foundation of purposefulness is laid. At the end of kindergarten, under the influence of adult evaluation and supervision, children begin to feel defective in their actions and activities. In this context, the objects of imitation are becoming clear. In the preschool years, opportunities for the formation of both general and special abilities appear and begin to manifest themselves.